

**ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Қазақстан тарихы және саяси -пәндер кафедрасы**

# **СӨЖ**

**Тақырыбы: ҚР іс жүргізу негіздері**

---

**Оындаған:** Байдуллаева Асем, Құрбанбай Ұлдана

**Тобы:** 1020

**Қабылдаған:** Карагожина Р.З

**Қарағанды 2017**

# ЖОСПАР

## I.Кіріспе:

❖ Іс жүргізу нормалары

## II.Негізгі бөлім:

❖ Қазақстан Республикасының сот жүйесі

❖ Қазақстан Республикасының Бас Прокурорлары туралы түсінік

❖ Адвокатураның және нотариустың негізгі міндеттері

## III.Қорытынды

## IV.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі



## ***ІС ЖҮРГІЗУ НОРМАЛАРЫ***

❖ Іс жүргізу нормалары қылмыс және басқа да құқық бұзушылық жасалған, ездерінің құқықтары мен міндеттері туралы түсіністікке келе алмай сотқа жүгінетін сияқты қатынастардың барысында туындайтын, арнайы құзыретті органдар іске асыратын құқық қолдану түрпішінде көрінетін құқық қорғау үрдісін реттейді.

## Құқық қорғау органдарының қызметтеріне:

- ❖ конституциялық бақылау;
- ❖ әділ соттылық;
- ❖ соттардын ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
- ❖ прокурорлық қадағалау;
- ❖ қылмысты анықтау және тергеу;
- ❖ заң көмегі және қылмыстық іс бойынша Қорғау сияқты іс-әрекеттер жатады



❖ Құқық қорғау органдары жүйесіндегі маңызды орын алатын мемлекеттік органдардың бірі соттар. Сот әділеттілігін іске асыра отырып соттар, жаза тағайындау, жазадан босату т.б. сияқты шешімдер қабылдай отырып, құқықты қолданып, өзінің биліктік құзыретін жүзеге асырып, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін анықтай отырып, олардың мүдделерін, әділ, заң арқылы қорғауға тиіс орган. Адамдар қажет болғанда әділдік үшін сот төрелігіне жүгінеді.

# ҚР СОТ ЖҮЙЕСІ

❖ Құқықтық мемлекет белгісінің бірі – сот билігінің заң

шығарушы және атқарушы билік тармақтарына тәуелсіз қызмет атқаруы болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі еліміздің

Конституциясымен және 2000 жылғы 25

желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот

жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы»

конституциялық заңмен және басқа да заң

актілерімен белгіленеді. Бұл конституциялық заңды

қабылдаудың негізгі мақсаты елде сот – құқытық

реформаны одан әрі жетілдіру болды.





Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіпшен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі.

- ❖ Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.
- ❖ Соттың ерекше өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салады.
- ❖ Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ.
- ❖ Сот ісін қарау тәртібімен қаралуға тиіс өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай органның, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына болмайды.

## ҚР БАС ПРОКУПОРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

◆ Қазақстан Республикасының прокуратурасы — Қазақстан Республикасының аумағындағы заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәл және біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және атқару-орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғарыдан қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.



❖ **Прокуратура органдары жүйесіне:** Бас Прокуратура облыстардың прокуратуралары; республика астанасы мен республикалық маңызы бар қалалардың прокуратуралары; ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар кіреді. Басқармалар мен бөлімдердің бастықтарын және олардың орынбасарларын, сондай-ақ аға көмекшілерін, айрықша тапсырмалар жөніндегі көмекшілерді, аға прокурорлар мен басқармалардың және бөлімдердің прокурорларын қызметке Республиканың Бас прокуроры тағайындайды және қызметінен босатады

# НОТАРИАТ

❖ **Нотариат** — даусыз азаматтық құқықтар мен заңдық нысандарды куәландыру жолымен жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін заң жүзінде бекітуге бағытталған нотариалдық іс-әрекеттерді орындайтын, заңдық тұрғыда бекітілген органдар жүйесі. Нотариат пен сот азаматтық іс айналымында заңдылықты алдын ала және істен кейін бақылаудың бірыңғай қызметін жүзеге асырады. Бірақ азаматтық іс жүргізуде құқық туралы дауды қарайтын соттан айырмашылығы, нотариат азаматтық құқықтарды заң жолымен бекітуге және олардың болашақта бұзылу мүмкіндігін алдын алуға бағытталған қызметтерді орындайды



## Нотариат қызметі

- ❖ мәмілелерді куәландыру;
- ❖ мұрагерлік туралы куәлік, құжаттар көшірмесін және олардан алынған үзінділердің дұрыстығы туралы куәлік;
- ❖ азаматтың тірі екендігін куәландыру;
- ❖ құжаттардың түсіру уақытын куәландыру;
- ❖ жеке және заңды тұлғалардың арыздарын басқа жеке және заңды тұлғаларға табыс ету;
- ❖ атқарушы жазбалар жасау;
- ❖ құжаттарды сақтауға қабылдау сияқты іс-әрекеттер кіреді.

Нотариат куәландырған шарт — мүдделі жақтың өз құқығын дәлелдеуін жеңілдетеді, өйткені шарттың нотариус ресми түрде белгілеп берген мазмұны, мәмілеге қатысушылардың қойған қолдарының ақиқаттылығы, мәміле жасаған жері (орны), уақыты, өзге де жағдайлар нақты және бұлтартқысыз түпкүжат болып табылады.



❖ Адвокат (*ғр.* advocatus — шақырылған) — адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және арнаулы заңда көзделген шеңберде кәсіби құқықтық көмек көрсететін заңгер; кең мағынасында алғанда — қорғаушы.



## Адвокаттар алқасының мүшесі.

Жоғары заң білімі, екі жылдан кем емес  
заң мамандығы бойынша жұмыс өтілі бар  
және адвокаттық қызметті жүзеге асыру  
құқына лицензия алған адам.



Заңды көмек көрсете отырып, адвокат: заң мәселелері бойынша түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар береді; талап қою арыздарын, шағымдар мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасайды; анықтау, алдын-ала тергеу органдарында, соттарда, мемлекеттік және т.б. органдар мен ұйымдарда, азаматтық қарым-қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың өкілі ретінде қатысады, оларды қорғауды жүзеге асырады. Адвокаттың статусы, адвокаттық қызметпен айналысу тәртібі, кәсіби құқылары мен міндеттері, мінез-құлық нормалары Қазақстан Республикасының “Адвокаттық қызмет туралы” заңында (1997 жылы 5 желтоқсан) көзделген.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

❖ *Қ.И Оспанов ,”Құқық негіздері”*

❖ *GOOGLE интернет желісі*